

«БЕКІТЕМІН»
Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігі
«Ұлттық ғылыми-практикалық
дене тәрбиесі орталығы» РМҚК
бас директоры
_____ **С. Садықов**
2023 жылғы «__» _____

Біліктілікті арттыру курсы бойынша
«Дене шынықтыру педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамыту»
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Астана
2023

1. Жалпы ережелер

1. Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын жалпы орта білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру курсы бойынша дене шынықтыру пәнінің педагогтеріне арналған «Дене шынықтыру педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» білім беру бағдарламасы (әрі қарай – Бағдарлама).

2. Бағдарлама дене шынықтыру саласында инновациялық педагогикалық денсаулық сақтау технологияларын пайдалана отырып, дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі мен дағдыларын арттыруға бағытталған.

3. Жалпы орта білім беру ұйымдарында дене шынықтыруды сапалы оқыту педагогтің қалыптасқан кәсіби біліміне, іскерліктері мен дағдыларына байланысты. Ізгілендіру және демократияландыру қағидаттарына негізделген білім берудің қазіргі парадигмасы дене шынықтыру педагогінен жоғары педагогикалық кәсібилікті талап етеді және білім беру мазмұнының мәнін сәтті игеруде, оның негізгі белгілерін, құрылымын, дайындығын және оны жүзеге асыруға қойылатын талаптарды түсінуде дене шынықтыру мұғалімдеріне қолдау көрсету және сүйемелдеу қажеттілігімен анықталады.

4. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығымен бекітілген педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту Қағидаларына сәйкес әзірленді.

5. Бағдарламаны педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымдары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарларын ескере отырып әзірленді.

Оқу ұзақтығы – 80 академиялық сағат. Бұл бағдарламаны 40 академиялық сағат көлемінде біліктілік арттыру курстарында қолдануға болады. 40 академиялық сағат көлемінде біліктілікті арттыру курстары үшін модульдер бойынша сағат саны курс тыңдаушыларының қажеттіліктеріне қарай анықталады.

2. Глоссарий

Осы Бағдарламада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) білім берудің базалық мазмұны – типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан білім беру ұйымдарында оқып білуге міндетті білім беру мазмұнының құрамы, құрылымы мен көлемі;

2) білім беру саласы – мән-дес оқу пәндерінің жиынтығын қамтитын бастауыш білім берудің базалық мазмұнының құраушы бөлігі;

3) оқу жүктемесінің инварианттық компоненті – білім беру ұйымдарының типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан барлық білім алушылар оқып білуге міндетті оқу пәндерін айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті;

4) оқу жүктемесінің вариативтік компоненті – білім алушылардың білімге деген қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымы айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті;

5) бағалау – әзірленген критерийлер негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген оқу нәтижелерін оқудан күтілетін нәтижелермен салыстыру процесі;

6) бағалау критерийлері – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын нақты өлшеуіштер;

7) формативті бағалау – сыныпта күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, білім алушылар үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді;

8) білім беру мониторингі – білім беру процестерін жүзеге асырудың жай-күйін және нәтижелері мен шарттары өзгеруінің серпінін, білім алушылар контингентін, білім беру ұйымдары желісін, сондай-ақ олардың қызметі жетістіктерінің рейтингілік көрсеткіштерін жүйелі түрде байқау, талдау, бағалау және болжау;

9) білім беру құндылықтары – білім беру мазмұнын айқындау үшін негіз болатын, білім алушының тұлғасын қалыптастыруда жетекші фактор болып табылатын оқу мақсаттарының жүйесін құрудағы бағдарлар;

10) білім беру сапасы – білім беру жүйесін сипаттайтын және нақты қол жеткізуге болатын білім беру нәтижелерінің, білім беру жүйесінің жұмыс істеу шарттарының нормативтік талаптарға, әлеуметтік және тұлғалық межелерге сәйкестік дәрежесін көрсететін көрсеткіштер жиынтығы;

11) инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуға тең қол жеткізуі үшін жағдай жасау;

12) сабақтан тыс іс-әрекет – білім беру ұйымындағы біртұтас оқу-тәрбие процесінің құраушы бөлігі, үлгілік оқу жоспарында айқындалған оқу жүктемесінен тыс іске асырылатын білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру нысандарының бірі;

13) үлгілік оқу жоспары – оқу пәндерінің тізбесін регламенттейтін және тиісті білім беру деңгейінің оқу жүктемесінің инварианттық және вариативтік компоненттерінің көлемін айқындайтын құжат;

14) элективті курс – білім алушылардың таңдауы бойынша курс, білім алушылардың білім дайындығын кеңейтуге бағытталған оқу жоспарының вариативтік компонентінің құрамдас бөлігі;

15) оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі – үлгілік оқу жоспарының инварианттық және вариативтік (мектеп және оқушы) компоненттеріндегі оқу пәндерінің мазмұнын меңгеру үшін қажетті және негізгі орта білім беру деңгейлері мен оқу жылдары бойынша белгіленген оқу уақытының көлемі;

16) оқытудан күтілетін нәтижелер – оқыту процесі аяқталғанда білім алушының нені біліп, түсініп, көрсете алатынын сипаттайтын құзыреттіліктер жиынтығы, оның ішінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері ескеріледі;

17) ерекше білім беру қажеттіліктері – денсаулығына байланысты білім алуда тұрақты немесе уақытша қиындық көріп жүрген, арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білім беру бағдарламаларына мұқтаж балалардың қажеттіліктері;

18) дене шынықтыру даярлығы – адамның дене шынығуы қасиеттерін тәрбиелеуге және функционалдық мүмкіндіктерін дамытуға бағытталған педагогикалық процесс;

19) дене тәрбиесі – дені сау, дене бітімі және рухани жағынан жетілген өскелең ұрпақты қалыптастыруға бағытталған педагогикалық процесс;

20) дене шынықтыру – мәдениеттің құрамдас бөлігі, адамның дене бітімін және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту, дене тәрбиесі мен дене бітімін дамыту арқылы оның қозғалыс белсенділігін жетілдіру және саламатты өмір салтын қалыптастыру, әлеуметтік бейімдеу мақсатында қоғам жасайтын және пайдаланатын рухани және материалдық құндылықтар жиынтығын білдіретін әлеуметтік қызмет саласы;

21) дене шынықтыру және спорт жүйесі – халыққа дене тәрбиесін беру және дене шынықтыру мен спортты дамыту мақсатындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың жиынтығы;

22) дене шынықтыру және спорт саласындағы маман – дене шынықтыру және спорт саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке адам;

23) бейімдік дене шынықтыру және спорт – мүгедектерді оңалтуға және қалыпты әлеуметтік ортаға бейімдеуге, олардың толыққанды өмірді сезінуіне кедергі келтіретін психологиялық тосқауылдарды еңсеруіне, сондай-ақ қоғамның әлеуметтік дамуына өзінің жеке үлес қосуының қажеттігін сезінуіне бағытталған спорттық-сауықтыру сипатындағы шаралар кешені;

24) бұқаралық спорт – халық арасында дене шынықтыруды дамытуға ықпал ететін спорт қозғалысы;

25) спорт түрі – жаттығу ортасы, жарыстастық қызметіндегі дене шынықтыру жаттығуларының немесе интеллектуалдық қабілеттердің жиынтығы және жарыстар қағидалары айырым белгілері болып табылатын спорттың құрамдас бөлігі.

26) спорттық-бұқаралық іс-шаралар – адамның дене бітімін және зияткерлік қабілеттерін дамытуға, саламатты өмір салтын насихаттауға бағытталған, спорт құрылыстары мен объектілерінде, сондай-ақ спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізуге арналған ашық жерлерде өткізілетін, осы іс-

шараларда екі жүз және одан көп көрерменнің бір мезгілде болуы көзделетін іс-шаралар.

27) ұлттық спорт түрлері – жарыспалы әрекет нысанында тарихи түрде қалыптасқан және өзіне тән дене шынықтыру жаттығуларын және дене шынықтыру белсенділігі ұйымдастырылуының өзіндік қағидалары мен тәсілдері бар халық ойындарын білдіретін спорт түрлері.

28) дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттары – жеке адамдардың дене жаттығуларымен, спортпен айналысуына және спорттық іс-шараларды өткізуге арналған, арнайы жабдықталған (соның ішінде спорттық мүкаммалмен) объектілер (алаңдар, үйлер, ғимараттар).

29) мектептегі спорттық лига – мақсаты мектеп спортын кеңінен таратуға және бір немесе бірнеше спорт түрін дамытуға жәрдемдесу, мектеп оқушыларымен спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу болып табылатын мектеп оқушылары арасындағы спорттық қозғалыс.

30) мектеп спорты – бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін білім беру ұйымдарында білім алушылардың дене тәрбиесіне, оларды спорттық іс-шараларға қатысуға даярлауға бағытталған дене шынықтыру мен спорттың бір бөлігі.

31) біліктілік – тиісті кәсіби қызмет түрі шеңберінде жұмыстарды орындау үшін қажетті кәсіби білім, іскерлік, дағды және жұмыс тәжірибесінің жиынтығы;

32) курстан кейінгі мониторинг – педагогикалық практиканың нақты жай-күйін курс бағдарламасының күтілетін нәтижелерімен салыстыру мақсатында сертификатталған педагогтердің курстан кейінгі қызметін, оның ішінде қашықтық режимінде бақылау және бағалау жүйесі;

33) қорытынды бағалау – қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курстары бағдарламасының талаптарына сәйкес педагогтің біліктілік деңгейі мен құзыреттілігін растау рәсімі;

34) педагогтердің біліктілігін арттыру – оқыту мен оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіби білімдерін, біліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны;

35) педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымы – үздіксіз білім беру жүйесінде педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйым;

36) педагог қызметін курстан кейін қолдау – педагогтің кәсіптік құзыреттілігін оның курстан кейінгі қызметін үздіксіз мониторингтеу және әдістемелік, консультациялық көмек көрсету арқылы дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі;

37) сарапшы – ұзақ мерзімді біліктілікті арттыру курстары бағдарламасының талаптарына педагогтің біліктілік деңгейін және құзыреттілігін растау рәсімін жүзеге асыратын сертификатталған маман;

38) сертификат – кәсіптік оқытудың нақты тақырыбы, нысаны, мазмұны мен ұзақтығы бойынша қысқа және ұзақ мерзімді біліктілікті арттыру курстарының қорытындылары бойынша берілетін құжат;

39) сертификатталған тренер – тренерлерді даярлау бағдарламасы бойынша оқудан өткен және біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын адам;

40) сырттай қорытынды бағалау – ұзақ мерзімді біліктілікті арттыру курстары бағдарламасының талаптарына сәйкес педагогтің біліктілік деңгейін және құзыреттілігін растау рәсімі;

41) тыңдаушы – біліктілікті арттыру курсынан өтуші адам;

42) педагог – педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам;

43) педагогтік әдеп – педагогтердің Қазақстан Республикасының педагог мәртебесі туралы заңнамасында белгіленген мінез-құлық нормалары;

44) педагогтік әдеп жөніндегі кеңес – білім беру ұйымында құрылатын, педагогтердің педагогтік әдепті сақтау мәселелерін қарайтын алқалы орган;

45) тәлімгерлік – педагогтің орта білім беру ұйымында педагогтің кәсіптік қызметіне алғаш рет кіріскен адамға кәсіптік бейімделуіне практикалық көмек көрсету жөніндегі қызметі;

46) әдістеме – белгілі бір мақсатқа жету жолы; кез келген жұмыстың мақсатқа сай әрекет ету тәсілдерінің жиынтығы; оқытудың, оқу іс-әрекетін жүзеге асырудың заңдылықтарын, ережелерін, әдістері мен тәсілдерін зерттейтін педагогика ғылымының саласы;

47) педагогикалық технология – бұл педагогикалық әрекеттер табысына кепіл болардай қатқыл ғылыми жоба, сол жобаның дәл жаңғырып іске асуы;

48) білім беру қызметі – білім беру субъектілерінің мақсатты, педагогтік негізделген, дәйекті өзара іс-қимылы барысында жеке адамды оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешілетін процесс.

3. «Дене шынықтыру педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» бағдарламасының тақырыптары

№	Модуль	Мазмұны
1	Нормативтік құқықтық модуль	Қазіргі заманғы педагогикалық білім беру жүйесі айтарлықтай өзгеріске ұшырауда. Педагог жалпы педагогикалық функциясына сүйене отырып, ол дене шынықтыру саласында балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша нормативтік құжаттарды білуі керек. Құқықтық сауаттылық – жоғары білікті педагогтің қажетті құрамдас бөліктерінің бірі. Жалпы құқық нормаларын, білім беруді басқару жүйесін, білім беруді нормативтік құқықтық қамтамасыз етуді білмей, кәсіби педагогикалық қызметті сапалы жүзеге асыру мүмкін емес

		<p>1.1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңы. Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы. Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңы. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы. «Педагог» кәсіптік стандарты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы «Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы»</p> <p>1.2 Орта білім беру ұйымдарында «Дене шынықтыру» пәнін оқыту саласындағы нормативтік құқықтық құжаттар. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары; «Дене шынықтыру» пәні бойынша Үлгілік оқу жоспары мен бағдарламалары</p>
2	Психологиялық-педагогикалық-модуль	<p>Осы модульді зерделеу кезінде педагог білім беру процесінде білім алушылармен психологиялық-педагогикалық өзара іс-қимылдың жаңа әдістерімен танысады; өзара іс-қимыл теориясы саласындағы түсінік жетілдіріледі, әлеуметтік-психологиялық және коммуникативтік құзыреттілік кеңейтіледі</p> <p>2.1 Мектеп жасындағы балалардың жас ерекшелігі дамуының психологиялық заңдылықтары. Когнитивті процестер және қозғалыс белсенділігі. Буллингтің (қорқыту) алдын алу</p> <p>2.2 Дене шынықтыру педагогінің кәсіби қызметіндегі эмоционалды интеллекттің маңызы. Ерекше қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау</p> <p>2.3 Дене шынықтыру және спорт психологиясының негіздері. Дене шынықтыру сабақтарында оқушылардың дербес және жеке ерекшеліктерін есепке алу. Дене шынықтыру сабақтарында оқушылардың танымдық, мотивациялық және эмоционалды-ерікті салаларын дамыту. Буллингтің алдын алу – салауатты психологиялық климат құру</p>
3	Дене шынықтыру педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттары	<p>Біліктілікті арттыру шеңберінде білім беру процесінің тиімділігі мен сапасын мазмұнды арттыратын педагогикалық жағдайлар дене шынықтыру педагогінің кәсіби әлеуетін дамытудың басым факторы болып табылады</p> <p>3.1 Білім беру және тәрбиелеу жүйесіндегі дене шынықтырудың мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелер</p> <p>3.2 Дене шынықтыру пәнін оқытудағы құндылықтарға бағытталған ұстаным – ұйымдастыру әдістері, іске асыру, нәтижелерге қол жеткізу және оқу қызметінде пайдалану</p>

		<p>Дене шынықтыру сабақтарындағы қауіпсіздік ережелері. Оқушылардың жүктемесі және қозғалыс белсенділігінің нормалары</p> <p>3.3 Дене шынықтыру сабағын жоспарлаудың жаңа тәсілдері. Дене шынықтыру педагогтерінің педагогикалық практикасында медиативтік технологияларды қолдану</p> <p>3.4 Білім алушының білімін, іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру арқылы дене дайындығын дамыту және ұлттық спортқа қызығушылықты қалыптастыру</p> <p>3.5 Критериалды бағалау жүйесі, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау құралдары және оқытудың белсенді әдістерін пайдалану жағдайында оқыту тиімділігінің мониторингі</p> <p>3.6 Спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу</p>
4	<p>Дене шынықтыруды оқытудың заманауи технологиялары. Дене шынықтыру сабақтарында денсаулық сақтау технологиялары</p>	<p>Білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтерінің педагогикалық шеберлігін жетілдіру және «Дене шынықтыру» пәнін оқытудың заманауи технологияларын қолдану</p> <p>4.1 Дене шынықтыру сабақтарында волейболды оқытудың заманауи әдістері. Волейболдан жарыстар өткізу ережесі (өзгерістер мен толықтырулар)</p> <p>4.2 Дене шынықтыру сабақтарында баскетболды оқытудың заманауи әдістері. Баскетболдан жарыстар өткізу ережесі (өзгерістер мен толықтырулар)</p> <p>4.3 Дене шынықтыру сабақтарында футболды оқытудың заманауи әдістері. Футболдан жарыстар өткізу ережесі (өзгерістер мен толықтырулар)</p> <p>4.4 Дене шынықтыру сабақтарында жеңіл атлетиканы оқытудың заманауи әдістері. Жеңіл атлетикадан жарыстар өткізу қағидалары (өзгерістер мен толықтырулар)</p> <p>4.5 Ұлттық спорт түрлері бойынша оқу сабақтарын оқытудың заманауи әдістері. Жарыстарды өткізу ережелері. Мектеп жағдайында ұлттық спорт түрлерін өткізу әдістемесі</p> <p>4.6 Дене шынықтыру сабақтарында гимнастиканы оқытудың заманауи әдістері. Гимнастика бойынша жарыстарды өткізу қағидалары (өзгерістер мен толықтырулар)</p> <p>4.7 Шаңғы/кросс/ коньки дайындығы бойынша оқу-жаттығу процесінің заманауи әдістері. Коньки/кросс/шаңғы даярлығы бойынша жарыстарды өткізу қағидалары (өзгерістер мен толықтырулар)</p> <p>4.8 Қозғалыс және спорттық ойындар бойынша оқу-жаттығу процесінің заманауи әдістері. Дене шынықтыру мамандары мен педагогтері үшін төрешілік қызметтің қағидалары мен тәсілдері</p>

5	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар және денсаулық мүмкіндіктері шектеулі білім алушыларды оқытудағы заманауи технологиялар	Тыңдаушыларға инклюзивті білім беруді ұйымдастырудағы заманауи тәсілдерді тереңірек түсінуді қалыптастыру; ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың тұлғалық-бағдарланған өзара іс-қимылының психологиялық проблемаларын, сондай-ақ педагогтердің өзара іс-қимылын ұйымдастыру әдістерін, ерекше білім беру қажеттіліктері бар және денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім беру технологияларын ашу маңызды
		5.1 Инклюзивті оқыту шеңберіндегі мектептегі дене шынықтырудың заманауи педагогикалық технологиялары: инклюзивті білім берудің принциптері мен бағыттары
		5.2 Мектептегі дене шынықтыру сауықтыру түрлерінің сипаттамасы
		5.3 Көру қабілеті бұзылған, семіздікке шалдыққан оқушылардың дене тәрбиесі
		5.4 Ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар мектеп оқушыларының дене тәрбиесі: психикалық дамуы тежелген, аутизм, көру, тірек-қимыл аппаратының бұзылуы
6	«Дене шынықтыру» пәні бойынша ІТ құзыреттілік	Педагогтердің оқу-тәрбие жұмысында заманауи технологияларды қолданудағы құзыреттілік деңгейін арттыру және жеке кәсіби қызметін жетілдіру. Ақпараттық-коммуникативтік технологияны пайдалану
		6.1 Цифрлық білім беру ресурстары мен виртуалды зертханаларды пайдалану (YouTube арнасының бейнересурстары, BilimLand және т.б.). «Күнделік» білім беру платформасымен, Egov порталымен жұмыс
		6.2 Ақпараттық қауіпсіздік: ақпаратты және зияткерлік меншікті қорғау; электрондық цифрлық қолтаңба, мақсаты, пайдалану алгоритмі
		6.3 Дене шынықтыру бойынша оқу процесіне инновациялық білім беру технологияларын енгізу
7	Вариативті модуль	Модуль тыңдаушылардың өзекті қажеттіліктері бар дене шынықтыру саласындағы мәселелерді қамтиды. Бағдарлама мазмұнын талдау тыңдаушылардың сапалық құрамына сәйкестігін және олардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруды көздейді. Вариативті модульдің тақырыптарын тыңдаушылар кіріс сауалнамасы барысында анықтайды

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері және күтілетін нәтижелері

4.1 Бағдарламаның мақсаты – жалпы орта білім беретін мектептердің білім алушыларының дене тәрбиесінде заманауи білім беру тәсілдерін қолдану саласында дене шынықтыру педагогтерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.

4.2 Бағдарламаның міндеттері:

- тыңдаушыларды дене тәрбиесі бойынша педагогикалық процесті жетілдіру мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық қамтамасыз етумен таныстыру;

- дене шынықтыру педагогінің әлеуметтік-психологиялық, танымдық, коммуникативтік құзыреттіліктері туралы білімдерін жетілдіру;
- дене шынықтыру сабақтарын жоспарлауға, білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесіне бағытталған педагогикалық жағдайларды бағалау және талдау;
- бастауыш, орта, жоғары мектеп оқушыларының дене дайындығын дамыту, қимыл-қозғалыс дағдыларын оқыту әдістемесіне бағдарланған заманауи тәсілдерді (медиативтік технологиялар) қолдану саласындағы кәсіби білімді жетілдіру;
- білім алушылардың денсаулығы мен салауатты өмір салтын нығайтуға бағытталған инновациялық денсаулық сақтау педагогикалық технологияларының ерекшеліктерін ашу;
- бағдарламалық спорт түрлерінің оқу-жаттығу процесінің заманауи әдістері және оларға төрешілік ету ережелері бойынша кәсіби білімін жетілдіру;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін бейімделген дене шынықтырудың заманауи технологияларын зерделеу;
- дене шынықтыру пәні саласында цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану құзыреттілігін кеңейту.

4.3. Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар біледі:

- дене шынықтыру бойынша педагогтің білім беру қызметін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттарды;
- физикалық сапаны дамытудың әдістемелік негіздерін;
- дене шынықтыру сабағында қимыл-қозғалыс әрекеттерін оқыту мен жетілдірудің жаңа тәсілдерін;
- бағдарламалық спорт түрлері бойынша жарыстар ережесін;
- бағдарламалық спорт түрлері бойынша оқу-жаттығу процесінің заманауи әдістерін;
- бейімді дене шынықтыру саласындағы инклюзивті білім берудің принциптері мен бағыттарын;

үйренеді:

- нормативтік құқықтық құжаттарды әлеуметтік және кәсіби салада қолдануды;
- пән бойынша оқу-әдістемелік материалдары мен ресурстық қамтамасыз етілуін талдауды;
- дене шынықтыру сабағын жоспарлаудың жаңа тәсілдері мен стратегияларын қолдануды;
- оқу процесінде де, сабақтан тыс уақытта да бұқаралық спорттық және дене шынықтыру-сауықтыру шараларын жоспарлауды және өткізуді;
- білім алушылардың нозологиясына байланысты түзету жаттығуларының кешендерін қолдануды;

- дене шынықтыру бойынша оқу процесінде медиативті және цифрлық технологияларды қолдануды;

меңгереді:

- дене шынықтыру сабағын жоспарлаудың жаңа тәсілдері мен стратегияларын қолдану дағдыларын;

- дене қасиеттерін дамыту және оқыту әдістерінің заманауи тәсілдерін;

- бағдарламаның спорт түрлері бойынша мектеп жарыстарына төрешілік ету ережесін;

- денсаулықты нығайтуға және білім алушылардың салауатты өмір салтына бағытталған денсаулық сақтау технологияларын;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың бейімдік дене шынықтыру құралдары мен әдістерін;

- дене шынықтыру педагог тұлғасының кәсіби өсуін тиімді іске асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін цифрлық технологияларды пайдалану дағдыларын.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

5.1 Бағдарламаның құрылымы

Бағдарлама 7 модульден тұрады:

1) Нормативтік құқықтық;

2) Педагогикалық-психологиялық;

3) Дене шынықтыру педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттары;

4) Дене шынықтыруды оқытудың заманауи технологиялары. Дене шынықтыру сабақтарында денсаулық сақтау технологиялары;

5) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар және денсаулық мүмкіндіктері шектеулі білім алушыларды оқытудағы заманауи технологиялар;

6) «Дене шынықтыру» пәні бойынша ІТ құзыреттілік;

7) Вариативті.

Вариативті модульдің тақырыптарын тыңдаушылар кіріс сауалнамасы барысында анықтайды. Тыңдаушылардың қиындықтар туғызған мәселелерін талқылау және шешу. Тыңдаушылардың сапалы құрамына және олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, бағдарлама мазмұнын саралау.

5.2 Бағдарлама мазмұны

1) «**Нормативтік құқықтық**» модуль. Бұл модульде тыңдаушылар «Дене шынықтыру» пәнін зерделеу саласындағы мынадай ұлттық нормативтік құқықтық актілер туралы ақпарат алады: ҚР «Білім туралы» Заңы (2023ж.10.09. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен); ҚР «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңы (2023ж. 03.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен); ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңы (2023 ж. 01.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен); Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасына сәйкес тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар

негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету; ҚР БҒМ 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы (17.09.2023ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен); Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы. Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңы. «Педагог» кәсіптік стандарты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы «Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы»; «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (07.10.2023ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен); «Жалпы білім беретін ұйымдарға арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары және факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы (2023ж. 19.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен); ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарлары (2022 ж. 18.08. берілген өзгерістер мен толықтырулармен); ҚР Мәдениет және спорт министрінің «Ұлттық спорт түрлерінің тізбесін бекіту туралы» 2021 жылғы 26 ақпандағы № 52 бұйрығы; «Мемлекеттік спорттық тапсырысты жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы» ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 27 сәуірдегі № 119 бұйрығы (15.09.2022 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен); «Балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларының рейтингін айқындау қағидаларын бекіту туралы» ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 27 сәуірдегі № 112 бұйрығы.

2) «Психологиялық-педагогикалық» модуль. Бұл модульде мектеп жасындағы білім алушылардың дамуының жас ерекшелігінің психологиялық заңдылықтары зерттеледі: даму психологиясының жалпы түсініктері; жас ерекшелігінің даму психологиясының негізгі категориялары; ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларды психологиялық және педагогикалық қолдау; жас ерекшелігі психологиясының негізгі категорияларының сипаттамасы; жас ерекшелігінің психологиясындағы даму категориясы; жас ерекшелігі психологиясындағы оқыту категориясы; жас ерекшелігі психологиясының категориясы ретінде тәрбиелеу; категориялардың бір-бірімен байланысы; жас ерекшелігі психологиясының принциптері. Дене шынықтыру және спорт психологиясы. Педагогтің кәсіби қызметінде эмоционалды интеллект маңызды рөл атқарады. Осы модульді зерделеу барысында «Эмоционалды интеллект» анықтамасы, оның түрлері, құрылымы қарастырылады, сондай-ақ эмоционалды интеллект дамуының негізгі

аспектілері, спорттың білім алушылардың эмоционалды интеллектіне әсері және дене шынықтыру педагогінің кәсіби қызметіндегі эмоционалды интеллекттің мәні зерттеледі.

Оқытудың және спорттық жетілдірудің психологиялық негіздері. Дене шынықтыру және спорт психологиясының негіздері. Дене шынықтыру сабақтарында оқушылардың дербес және жеке ерекшеліктерін есепке алу. Дене шынықтыру сабақтарында оқушылардың танымдық, мотивациялық және эмоционалды-ерікті салаларын дамыту.

Буллингтің (қорқыту) алдын алу – салауатты психологиялық климат құру. Сыныпта қорқытуды анықтаудағы іс-қимыл алгоритмі, қорқыту құрбандары мен агрессорларға психологиялық және педагогикалық қолдау. Жасөспірімдермен жұмыс істеудің негізгі формасы – жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін және сындарлы өзара әрекеттесу дағдыларын дамытуға ықпал ететін тренинг элементтері бар практикалық сабақтар. Дене шынықтыру мен спорттағы қимылды үйрету мен жетілдірудің психикалық негіздері. Кез-келген салада білім алу, дағдыларды қалыптастыру және тәжірибе жинақтау танымдық процестер арқылы жүреді. Сонымен қатар, қозғалыс белсенділігін дамыту және жүзеге асыру психиканың когнитивті, психомоторлық және эмоционалды-ерікті салаларын жаңарту кезінде жүзеге асырылады. Сондықтан «Когнитивті процестер және қозғалыс әрекеттері» тақырыбын зерттеу келесі мәселелерді ашады: әлемді тану және сана; таным психологиясы және қозғалыс әрекеттерін дамыту; адамның ақпаратты алуы және түрлендіруі; дене тәрбиесіндегі таным; адам іс-әрекетіндегі әрекет түрлері.

3) «Дене шынықтыру педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттары» модулі. Бұл модуль білім беру және тәрбие жүйесіндегі дене шынықтырудың мақсатын, міндеттерін және күтілетін нәтижелерін айқындайды. Дене шынықтыру педагогінің кәсіби қызметке дайындығын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтау, жылдық және күнделікті сабақты жоспарлау, спорт негіздері, спорттық дайындық пен спорт ұғымдарын түсіндіру қарастырылады. Дене шынықтыру пәнін оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру.

Модуль дене шынықтыруды оқытуда құндылыққа бағытталған тәсілді жүзеге асыруға бағытталған (білім беру, ұйымдастырушылық, нәтижелерге қол жеткізу және пайдалану әдістері). Дене шынықтыру сабақтарындағы қауіпсіздік ережелерін, оқушылардың жүктемесі және қозғалыс белсенділігінің нормаларын зерттейді. Қауіпсіздік техникасы ережелерін, дене шынықтыру сабақтарындағы жүктемені және оқушылардың қозғалыс белсенділігінің нормаларын зерделейді.

Оқу барысында тыңдаушылар оқу бағдарламасын түсінуге және дене шынықтыру сабағын жоспарлауға шоғырланады. Оқытудың заманауи әдістерін және жұмыстарды өзара бағалауды пайдалана отырып, қысқа мерзімді жоспар құру бойынша практикалық жұмыс жоспарланады.

Дене шынықтыру сабақтарында критериалды бағалау жүйесімен, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау құралдарымен және оқытудың белсенді әдістерін қолдану жағдайында оқыту тиімділігінің мониторингімен танысады. Бағалау критерийлері мен оларға арналған дискриптерлерді әзірлеу бойынша практикалық жұмыс жоспарланады.

Сондай-ақ оқу процесінде спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу қағидалары, әдістері мен тәсілдері әзірленеді.

Дене шынықтыру сабағын жоспарлаудың командалық-жеке тәсілдері. Дене шынықтыру педагогтерінің педагогикалық практикасында медиативтік технологияларды қолдану. Дене шынықтыру педагогтерінің кәсіби өсуін өзін-өзі бағалау үшін іс-тәжірибесін жинақтау қарастырылады.

4) «Дене шынықтыруды оқытудың заманауи технологиялары. Дене шынықтыру сабақтарында денсаулық сақтау технологиялары» модулі. Бұл модульде әдістеме теориясы, терминдер мен ұғымдар, дене тәрбиесі құралдары мен әдістерінің принциптері мәселелері қозғалады.

Қазіргі заманғы оқыту технологиялары білім алушылардың физикалық қасиеттерін жетілдіріп қана қоймай, шығармашылық әлеуетін де дамытады. Мұнда бастапқыда білім беру процесін басқаруға бағдарлану бар, бұл мақсаттар мен оларға қол жеткізу тәсілдерінің нақты берілуін көздейді.

Денсаулық сақтайтын білім беру технологиялары оқушылардың денсаулығына әсер ету дәрежесі бойынша барлық технологиялардың ішіндегі ең маңыздысы болып табылады, өйткені олар балалардың танымдық қызметінің жас ерекшеліктеріне, қозғалыс және статикалық жүктемелердің оңтайлы үйлесіміне, көрнекілікті пайдалануға және ақпарат берудің әртүрлі нысандарының үйлесіміне негізделген.

Аталған модульді зерделеу барысында тыңдаушылар қатысушылардың денсаулығына зиян келтірмейтін оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру тәсілдерімен, әдістерімен танысады, дене шынықтыру-сауықтыру технологияларының заманауи тәсілдерін зерделейді.

Жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес спорт түрлері бойынша оқытудың қазіргі заманғы технологияларын практикада қолдану жоспарлануда: волейбол, баскетбол, футбол, жеңіл атлетика, Ұлттық спорт түрлері, гимнастика, шаңғы/кросс/коньки дайындығы, қозғалыс (жетекші) ойындар.

Тыңдаушылар үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес спорт түрлері бойынша ережелерге енгізілген өзгерістермен, жаңалықтармен, толықтырулармен танысады.

5) «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар және денсаулық мүмкіндіктері шектеулі білім алушыларды оқытудағы заманауи технологиялар» модулінде: гигиеналық гимнастиканың сауықтыру маңызын; жалпы орта білім беру ұйымдарындағы сауықтыру-рекреациялық, сауықтыру-оңалту дене шынықтыру; дайындық және арнайы медициналық топқа жататын

денсаулық жағдайы бұзылған білім алушылардың дене тәрбиесі жөніндегі әдістемелік материалдың мазмұнын; ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың, көру қабілеті бұзылған, психикалық дамуы тежелген, аутизм, тірек-қимыл аппараты функциялары бұзылған білім алушылардың дене тәрбиесін қарастырады. Инклюзивті оқыту шеңберіндегі мектептегі дене шынықтырудың заманауи педагогикалық технологиялары: инклюзивті білім берудің принциптері мен бағыттары қарастырылады. Денсаулық сақтау технологияларын пайдалана отырып, қысқа мерзімді жоспар құру бойынша практикалық жұмыс жоспарланады.

6) «Дене шынықтыру» пәні бойынша ІТ құзыреттілік» модулі. Педагогтердің оқу-тәрбие жұмысында заманауи технологияларды қолданудағы құзыреттілік деңгейін арттыру және жеке кәсіби қызметін жетілдіру. Цифрлық (сандық) білім беру ресурстарын және виртуалды зертханаларды пайдалану (YouTube арнасының бейне ресурстары, BilimLand және т.б.). «Күнделік» білім беру платформасымен, EGOV порталымен жұмыс. Ақпараттық қауіпсіздік: ақпаратты және зияткерлік меншікті қорғау; электрондық цифрлық қолтаңба, мақсаты, пайдалану алгоритмі. Дене шынықтыру бойынша оқу процесінде инновациялық білім беру технологияларын енгізу. Осы тақырыптар бойынша практикалық сабақтар білім беру процесінде цифрлық технологияларды қолдану бойынша кәсіби дағдыларды дамытуға бағытталған.

Жалпы, модуль білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында педагогтердің ақпараттық-коммуникациялық құзыреттерін қалыптастыруды, жалпы орта білім беру ұйымдарында мобильді және SMART оқытуды дамыту үшін цифрлық құралдарды пайдаланудың практикалық аспектілерін зерделеуді көздейді.

7) Вариативті модуль. Вариативті модуль тыңдаушылардың өзекті қажеттіліктері бар дене шынықтыру саласындағы мәселелерді қамтиды. Бағдарлама мазмұнын талдау тыңдаушылардың сапалық құрамына сәйкестігін және олардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруды көздейді. Вариативті модульдің тақырыптарын тыңдаушылар кіріс сауалнамасы барысында анықтайды.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Курстарды өткізу бір мезгілде немесе кезең-кезеңімен *аудиториялық және қашықтықтан оқыту* нысандарында әртүрлі бағыттар мен модульдерді игеру арқылы жүзеге асырылады.

Мектептегі «Дене шынықтыру» пәнін оқытудың басқа оқу пәндерінен айырмашылығы оның өзіндік ерекшеліктерінің бірі теориялық білім негіздері мен спорт түрлері арқылы практикалық сабақтармен ұштастырылады. Сондықтан да жалпы орта білім берудің дене шынықтыру педагогі теориялық біліммен бірге, практикалық дағдыларға ие болуы керек. Осыған байланысты ұсынылып отырған білім беру бағдарламасының оқу-тақырыптық жоспарына практикалық сабақ пен шебер-сабақтарға сағат саны артты: Дәріс – 25 сағат

(31,2%), практикалық сабақ – 41 сағат (51,2%), шебер-сабақ – 14 сағат (17,5%). (практика мен шебер-сабақтың жалпы сағат көлемі – 69% құрайды.

Білім беру процесін *аудиториялық (күндізгі)* және *қашықтан* ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: өзіндік жұмыс, жобалық жұмыс, шағын сабақтың (шағын іс-шараның) тұсаукесері, қорытынды тестілеу, сондай-ақ аралық тестілеу жүргізіледі. Білім беру процесі оқытудың интерактивті формалары мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар, практикалық жұмыс, шебер-сабақ, конференция, дөңгелек үстел, рөлдік ойындар, кейстер әдісі, бейнефильмдерді талқылау, сұрақтарды бірлесіп шешу, сондай-ақ қашықтықтан оқыту режимінде курс үшін онлайн кеңес беру және тыңдаушыны өз бетінше оқыту.

Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында кіріс және шығыс сауалнамасы, қорытынды тестілеу жүргізіледі.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

Курстың оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуіне мыналар кіреді:

- әдістемелік ұсынымдар;
- бейнематериалдар (қажеттілігіне қарай);
- интернет-ресурстар;
- үлестірме материалдар.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

80 сағат көлеміндегі оқу нәтижелерін бағалау:

- курстың модульдері бойынша тестілеу;
- біліктілікті арттыру курсына қанағаттану туралы сауалнама жүргізу;

40 сағат көлеміндегі оқу нәтижелерін бағалау:

- курстың модульдері бойынша тестілеу;
- біліктілікті арттыру курсына қанағаттану туралы сауалнама жүргізу.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін бағалау критерийлері мен бағдарлама мазмұнын меңгеру параметрлері әзірленеді.

Өзіндік (практикалық) жұмысты жүргізу үшін **2-қосымшада** көрсетілген мынадай критерийлер бөлінеді.

Қорытынды аттестаттау тестілеу нысанында өтеді. Сұрақтардың жалпы саны – 20. Қорытынды тестілеуден өту және біліктілікті арттыру курсына аяқтау үшін дұрыс жауаптардың 60% және одан жоғары санын жинау қажет. Шекті деңгей - 12 балл. Әрбір дұрыс жауап үшін 1 балл беріледі.

9. Курстан кейінгі қолдау

Біліктілікті арттыру курсынан өткен педагогтерді курстан кейінгі қолдаудың түрлері:

1. Тыңдаушыларға олардың педагогикалық, зерттеу және рефлексиялық қызметінде әдістемелік, консультациялық көмек көрсету;

2. Педагогикалық және зерттеу қызметінің нәтижелерін жариялауға дайындауда консультациялық көмек көрсету;

3. Педагогтердің кәсіби қоғамдастықтарының жұмысын ұйымдастыру және қолдау, оның ішінде тәжірибе алмасу бойынша іс-шаралар (байқаулар, конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да білім беру шаралары) өткізу.

4. «Дене шынықтыру жаршысы» ғылыми-практикалық журналына және БАҚ-та ғылыми әзірлемелер мен мақалалар жариялау.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы (2023 ж. 10.09. берілген өзгерістер мен толықтырумен);

2. Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы (2023 ж. 01.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен);

3. Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 30 шілдедегі Заңы (2023ж. 03.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен);

4. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ (26.06.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) Заңы;

5. Қазақстан Республикасының «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы (2023ж. 1.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен);

6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидалары (2023ж.17.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен);

7. ҚР Білім және ғылым министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту

туралы» 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы (№ 561 бұйрық, 30.12.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен);

8. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы;

9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы (2023ж. 03.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен);

10. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (2023ж. 07.10. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен);

11. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары (2023ж. 19.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) («Дене шынықтыру» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламалары 34, 67, 126 қосымшалар);

12. ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрі № 96 бұйрығы. 2023 жылғы 13 сәуірдегі жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен, 14.07.2023);

13. Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде «Дене шынықтыру» пәнін (5-9 сыныптар) зерделеу бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018. – 89 б. (№5 хаттама 24.04 2018ж.);

14. А.Э. Страдзе, И.М. Быховской. XXI ғасырдағы дене шынықтыру: тұжырымдамалық негіздер, инновациялық әдістер және білім беру практикасының модельдері: монография/ред. - Мәскеу; Берлин: Тікелей Медиа, 2019.-288 б.

15. Матвеев Л.П. - Спорттың жалпы теориясы және оның қолданбалы аспектілері дене шынықтыру және спорт университеттеріне арналған оқулық / Л.П. Матвеев.-6-басылым.-М.. Спорт, 2019 ж.-342 б.

16. «Дене шынықтыру және спорт ұйымдарының басшылары, мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі 2021 жылғы 15 желтоқсандағы № 385 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 191 бұйрығымен бекітілген. – «Әділет» АҚЖ (zan.kz)

17. Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін енгізудің әдіснамалық және оқу-әдістемелік негіздері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 58 б.

<https://uba.edu.kz/ru/metodology/3?page=45>

18. Методологические и учебно-методические основы внедрения системы критериального оценивания учебных достижений обучающихся. Методическое пособие. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2015. – 58 с.

<https://uba.edu.kz/ru/metodology/3?page=45>

19. https://www.cpm.kz/ru/portal/blogs/?page=post&blog=Alimov_Ashat&post_id=140350 Урок физической культуры в школе: фокусы и стратегии улучшений <https://clck.ru/34PmMZ>

20. Білімді бағалаудың халықаралық жүйесі on 28 September 2011 / / Электронды ресурс. - <http://ru.wikipedia.org>

21. Адамбеков М.И., Тұяқбаева М. Х., Уанбаев Е. К. Жалпы білім беретін мектептерде дене шынықтыруды оқыту әдістемесі (әдістемелік ұсынымдар), Алматы, 2012 ж.-173 б. <https://topuch.com/dene-trbiesi-pni-malimderine-arnalan-distemelik-sinistar/index.html>

22. Уанбаев Е.К., Уанбаева Ф.Р. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі. - Өскемен: ШҚМУ баспасы, 2006. – 270 б.

23. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы (Қағида жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 ж. № 384 бұйрығымен).

24. Уанбаев Е.К., Уанбаева Ф.Р. Мектептегі дене тәрбиесі бойынша жұмысты жоспарлау, бақылау және есепке алу. - Өскемен: «БОГАТЫХ» баспасы, 2006. – 225 б.

25. Қаражанов Б.К. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесінің негізгі түсініктері - Алматы ҚазИФК, 1991 ж.

26. Ботағариев Т.А. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі: Оқу құралы. - Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2019ж. - 272 б. [library.eiti.edu.kz>book/70509699.pdf](http://library.eiti.edu.kz/book/70509699.pdf)

27. Кенетаев М.О., Булгаков Е. В., Роздобудько Н.Н., Утробин И.В., Кенетаев С.М., Инкарбеков А.У., Копкина Е.И., Девяткина Л.Н., Куптилеуова С.К. <https://kff.kz/ru/projects/1>. Жалпы орта білім беру мекемелерінің дене шынықтыру сабағында футболмен шұғылдану үшін I – IV сынып оқушыларына арналған әдістемелік құрал: «1-4-сыныптарына арналған дене шынықтыру» жалпы білім беретін мектептерге арналған оқу бағдарламасына қосымша – Астана. 2017. – 245 б. Ұсынылды және бекітілді: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының футбол Федерациясы;

28. Кенетаев М.О., Булгаков Е.В., Роздобудько Н.Н., Утробин И.В., Кенетаев С.М., Инкарбеков А.У., Куптилеуова С.К., Копкина Е.И., Бодеев Т.М., Утробин Н.И. <https://kff.kz/ru/projects/1>. (Қазақстан Республикасының Білім

және ғылым министрлігі және Қазақстанның футбол Федерациясы ҰСЫНАДЫ (бұйрық №401, 15.08.2018ж.). «Орта білім беру ұйымдарындағы 5-11-сынып білім алушыларына арналған дене шынықтыру сабағындағы футбол». Әдістемелік құрал: Жалпы білім беретін мектептерде дене шынықтыру пәні бойынша 5-11-сыныптарға арналған оқу бағдарламасына қосымша – Астана қаласы, 2018. – 416 б.

29. «Дене шынықтыру», «Музыка», «Көркем еңбек», «Өзін-өзі тану», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау» оқу пәндері бойынша сынақ талаптары. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 234 б. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2019 жылғы 17 қыркүйектегі №8 хаттамасы). («Дене шынықтыру» оқу пәні бойынша сынақ талаптары. Құрастырушылар: С. Куптилеуова, Е. Копкина, Е. Тулеулов, Н. Гассанов.) <https://www.nao.kz/>);

30. Адаптивная физическая культура и спорт. Учебное пособие. Нур-Султан, 2019г.- 408 с.

31. Рекомендации ВОЗ по вопросам физической активности и малоподвижного образа жизни;

<https://apps.who.int/iris/bitstream/handle/10665/337001/9789240014909-rus.pdf>

32. Уанбаев Е.Қ., Уанбаева Ф.Ж. Ауылдық жердегі дене тәрбиесі, сауықтыру дене тәрбиесі, спорт, көпшілік спорт жұмыстарын ұйымдастырудың тиімді жолдары // ДТ теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Туризм және спорт академиясы. – 2006. –№1. – Б. 142-149;

33. Электронды күнделік. <https://portal.kundelik.kz/ru> Қазақстан Республикасының мұғалімдері мен оқытушыларына арналған жүйелі-әдістемелік кешен. Системно-методический комплекс для преподавателей и учителей в Республике Казахстан. Smk.edu.kz

Қосымша әдебиеттер тізімі:

1. Адамбеков Қ.І. Балалар мен жасөспірімдердің дене қасиеттерін тәрбиелеу және оның тиімділігін бағалау. – Алматы, 1993.

2. Ақпаев А.Т. Спортшылар мен спорт командасының психологиялық дайындықтар негізі - Алматы, 2003.

3. Башкин С. Уроки по баскетболу / С. Башкин. - М.: Физкультура и спорт, 2015. - 184 с. Физкультура и спорт, 2019. – 821 с. Годик, М. А. «Физическая подготовка футболистов» / М.А.

4. Губа, В.П. Особенности отбора в баскетболе / В.П. Губа. - М.:

5. Годик – М.: Терра-спорт, 2006. – 250 с.

6. Горбунов Г.Д. Психология физической культуры и спорта.

-М: Академия, 2018-226 с.

7. Жилкин А. И. Легкая атлетика: Учеб, пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / А. И. Жилкин, В. С. Кузьмин, Е. В. Сидорчук. – 2-е изд., стер. – М.: Издательский центр «Академия», 2005. – 464 с.

8. Ивойлов А. В. Волейбол / А.В. Ивойлов, К.Б. Герман, Э.К. Ахмеров. - М.: Высшая школа, 2017. - 144 с.

9. Костикова, Л. В. Баскетбол / Л.В. Костикова. - М.: Физкультура и спорт, 2019. - 176 с.

10. Мартыненко И.И. Теория и методика спортивных игр (специализация): учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 166 с.

11. Мартыненко И.И. Основы детско-юношеского спорта: учебно-методическое пособие / И.И. Мартыненко. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 122 с.

12. Радионов А.В. Психология физического воспитания и спорта: Учебник для вузов. - Академический Проект, Фонд «Мир», 2018г.

13. Родионов А.В. Практическая психология ФКиС. – Махачкала, 2002.

14. Селуянов В. Н. «Определение одаренности и поиск талантов в спорте» / В.Н. Селуянов, Шестаков М. П. – М.: Спорт.академ –пресс, 2000. – 210 с.

15. Таникеев М.Т. Теория и практика взаимовлияния национальных и интернациональных факторов в развитии физического воспитания и спорта: Дис... д.п.н.: 13.00.01. - Алматы, 1998. - 292с.

16. Всемирная организация здравоохранения. Глобальный план действий ВОЗ по повышению уровня физической активности на 2018–2030 гг.: повышение уровня активности людей для укрепления здоровья в мире. Женева: Всемирная организация здравоохранения; 2018 г.

17. Всемирная организация здравоохранения. ACTIVE: пакет технической документации по повышению уровня физической активности. Женева: Всемирная организация здравоохранения; 2018 г.

18. World Health Organization. Assessing national capacity for the prevention and control of noncommunicable diseases: report of the 2019 global survey. Geneva: World Health Organization; 2020.

1-қосымша

Курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыптары	Деріс	Практикалық сабақ	Шеберлік сабақ	Барлығы
1	Нормативтік құқықтық модуль	4			4
1.1	Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және	2			2

	спорт туралы» Заңы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы «Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы». Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы. «Педагог» кәсіптік стандарты. Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңы. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы				
1.2	Орта білім беру ұйымдарында «Дене шынықтыру» пәнін оқыту саласындағы нормативтік құқықтық құжаттар: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Дене шынықтыру пәнінің Үлгілік оқу жоспары мен бағдарламалары	2			2
2	Психологиялық-педагогикалық модуль	3	3		6
2.1	Мектеп жасындағы балалардың жас ерекшелігі дамуының психологиялық заңдылықтары. Когнитивті процестер және қозғалыс белсенділігі. Буллингтің (қорқыту) алдын алу	1	1		2
2.2	Дене шынықтыру педагогінің кәсіби қызметіндегі эмоционалды интеллекттің маңызы. Ерекше қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау	1	1		2
2.3	Дене шынықтыру және спорт психологиясының негіздері. Дене шынықтыру сабақтарында оқушылардың дербес және жеке ерекшеліктерін есепке алу. Дене шынықтыру сабақтарында оқушылардың танымдық, мотивациялық және эмоционалды-ерікті салаларын дамыту. Буллингтің алдын алу – салауатты психологиялық климат құру	1	1		2
3	Дене шынықтыру педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттары	6	12	6	24
3.1	Білім беру және тәрбиелеу жүйесіндегі дене шынықтыру мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелер	1	2	1	4
3.2	Дене шынықтыру пәнін оқытудағы құндылықтарға бағытталған ұстаным – ұйымдастыру әдістері, іске асыру, нәтижелерге қол жеткізу және оқу қызметінде пайдалану. Дене шынықтыру сабақтарындағы қауіпсіздік ережелері. Оқушылардың жүктемесі және қозғалыс белсенділігінің нормалары	1	2	1	4
3.3	Дене шынықтыру сабағын жоспарлаудың жаңа тәсілдері. Дене шынықтыру мұғалімдерінің педагогикалық практикасында медиативтік технологияларды қолдану	1	2	1	4
3.4	Білім алушының білімін, іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру арқылы дене дайындығын дамыту және	1	2	1	4

	ұлттық спортқа қызығушылықты қалыптастыру				
3.5	Критериалды бағалау жүйесі, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау құралдары және оқытудың белсенді әдістерін пайдалану жағдайында оқыту тиімділігінің мониторингі Дене шынықтыру мамандарына және мұғалімдеріне төрешілік қызметін атқарудың ережелерін, әдістері мен тәсілдерін меңгерту	1	2	1	4
3.6	Спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды сақтай отырып, түрлі мәдениетке ашықтықты көрсету	1	2	1	4
4	Дене шынықтыруды оқытудың заманауи технологиялары. Дене шынықтыру сабақтарында денсаулық сақтау технологиялары	8	16	8	32
4.1	Дене шынықтыру сабақтарында волейболды оқытудың заманауи әдістері. Волейболдан жарыстар өткізу ережесі (өзгерістер мен толықтырулар)	1	2	1	4
4.2	Дене шынықтыру сабақтарында баскетболды оқытудың заманауи әдістері. Баскетболдан жарыстар өткізу ережесі (өзгерістер мен толықтырулар)	1	2	1	4
4.3	Дене шынықтыру сабақтарында футболды оқытудың заманауи әдістері. Футболдан жарыстар өткізу ережесі (өзгерістер мен толықтырулар)	1	2	1	4
4.4	Дене шынықтыру сабақтарында жеңіл атлетиканы оқытудың заманауи әдістері. Жеңіл атлетикадан жарыстар өткізу ережелері (өзгерістер мен толықтырулар)	1	2	1	4
4.5	Ұлттық спорт түрлері бойынша оқу сабақтарын оқытудың заманауи әдістері. Жарыстарды өткізу ережелері. Мектеп жағдайында ұлттық спорт түрлерін өткізу әдістемесі	1	2	1	4
4.6	Дене шынықтыру сабақтарында гимнастиканы оқытудың заманауи әдістері. Гимнастика бойынша жарыстарды өткізу ережесі (өзгерістер мен толықтырулар)	1	2	1	4
4.7	Шаңғы/кросс/ коньки дайындығы бойынша оқу-жаттығу процесінің заманауи әдістері. Коньки/кросс/шаңғы даярлығы бойынша жарыстарды өткізу ережелері (өзгерістер мен толықтырулар)	1	2	1	4
4.8	Қозғалыс және спорттық ойындар бойынша оқу-жаттығу процесінің заманауи әдістері. Дене шынықтыру мамандары мен педагогтері үшін төрешілік қызметтің қағидалары мен тәсілдері	1	2	1	4
5	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар және денсаулық мүмкіндіктері шектеулі білім алушыларды оқытудағы заманауи технологиялар	3	4		7
5.1	Инклюзивті оқыту шеңберіндегі мектептегі дене шынықтырудың заманауи педагогикалық технологиялары: инклюзивті білім берудің принциптері мен бағыттары	1	1		2
5.2	Мектептегі дене шынықтыру сауықтыру түрлерінің	1	1		2

	сипаттамасы				
5.3	Көру, семіздік және тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушылардың дене тәрбиесі	1	1		2
5.4	Ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар мектеп оқушыларының дене тәрбиесі: психикалық дамуы тежелген, аутизм, көру, тірек-қимыл аппаратының бұзылуы		1		1
6	«Дене шынықтыру» пәні бойынша ІТ құзыреттілік		4		4
6.1	Цифрлық білім беру ресурстары мен виртуалды зертханаларды пайдалану (YouTube арнасының бейнересурстары, BilimLand және т.б.). «Күнделік» ААЖ, Egov порталымен жұмыс		1		1
6.2	Ақпараттық қауіпсіздік: ақпаратты және зияткерлік меншікті қорғау; электрондық цифрлық қолтаңба, мақсаты, пайдалану алгоритмі		1		1
6.3	Дене шынықтыру бойынша оқу процесіне инновациялық білім беру технологияларын енгізу		2		2
7	Вариативті модуль		2	1	3
7.1	Вариативті модуль тыңдаушылардың өзекті қажеттіліктері бар дене шынықтыру саласындағы мәселелерді қамтиды. Бағдарлама мазмұнын талдау тыңдаушылардың сапалық құрамына сәйкестігін және олардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруды көздейді. Вариативті модульдің тақырыптарын тыңдаушылар кіріс сауалнамасы барысында анықтайды		2	1	3
		Дәріс	Практикалық сабақ	Шебер-сабақ	Барлығы
	Барлығы:	25	41	14	80

Дәріс – 25 сағат, практикалық сабақ – 41 сағат, шебер-сабақ – 14 сағат.
Барлығы: 80 сағат.

Ескерту: 1 академиялық сағат - 45 минут.

Оқу нәтижелерін бағалау

Бағалау параметрлері	Дәстүрлі бағалау	Баллмен бағалау	Бағалау параметрлері
іске асырылмаған	«Қанағаттанарлықсыз»	0-11 балл	<ul style="list-style-type: none"> - жұмыстың мазмұны мәлімделген тақырыпқа сәйкес келмейді; - жұмыстың мәтіні ұқыпсыз, түсініксіз, өрескел стилистикалық қателер бар; - бір немесе бірнеше дереккөздерден алынған мәтін үзінділерін ойланбастан көшіріп жазған, әдебиет пайдаланылмаған; - қорытындылар жоқ немесе бөлім мазмұнына сәйкес келмейді; - жұмыс талаптарға сәйкес ресімделмеген.
ішінара жүзеге асырылды	«Қанағаттанарлық»	12-14 балл	<ul style="list-style-type: none"> - жұмыстың мазмұны тақырыпқа ішінара сәйкес келеді; - жұмыс негізінен дұрыс ресімделген, маңызды стилистикалық және грамматикалық қателер бар; - жұмысты ресімдеуде ұқыпсыздық бар: өрістер қалдырылмаған, беттер нөмірленбеген, мәтін бойынша түзетулер жіберілген, титулдық парақ дұрыс ресімделмеген; - жұмысты орындау үшін үнемі көмек қажет болды, әдебиет ішінара пайдаланылды; - қорытындылар жұмыстың барлық бөлімдері бойынша жасалмаған немесе бөлім мазмұнына ішінара сәйкес келмейді немесе келтірілген деректер бойынша қорытынды жоқ; мазмұны, әдебиеттер тізімі, суреттердің жазулары, кесте атаулары жоқ.
түзетулерді ескере отырып, орташадан жоғары іске асырылған	«Жақсы»	15-17 балл	<p>жұмыстың мазмұны негізінен тақырыпқа сәйкес келеді немесе оның көлемі жоғары;</p> <ul style="list-style-type: none"> - жұмыс негізінен дұрыс жасалған, кейбір елеусіз стилистикалық және грамматикалық қателер бар; - жұмыс негізінен өз бетінше орындалды, әдебиет қолданылды; - қорытындылар негізінен бөлім мазмұнына сәйкес келеді; - жұмыс негізінен дұрыс жасалған, талаптардан кейбір ауытқулар бар.

толығымен іске асырылды	«Өте жақсы»	18-20 балл	<ul style="list-style-type: none"> - тақырыптың мазмұны толығымен ашылып, жұмыс таңдалған тақырыпқа сәйкес келеді; - жұмыстың практикалық бөлігі дербес орындалды, барлық таңдалған әдебиеттер талданды және жұмыста қолданылды; - жұмыс дұрыс жасалған, әр бөлім бойынша негізделген тұжырымдар бар.
-------------------------	-------------	------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Баллмен бағалауға аудару шкаласы

Баға	Орындау ауқымы	Балл
5	28-30	18-20
4	20-27	15-17
3	13-19	12-14
2	12-ден төмен	0-11

Модульдер бойынша қорытынды тестілеу сағаттары мен сұрақтарын бөлу

№	Модуль тақырыптары	Сағат саны	Сұрақ саны
1	Дене шынықтыру және спорт саласындағы нормативтік құқықтық құжаттар. Орта білім беру ұйымдарында «Дене шынықтыру» пәнін оқыту саласындағы нормативтік құқықтық құжаттар	4	2
2	Дене шынықтыру педагогінің кәсіби қызметінің психологиялық-педагогикалық аспектілері	6	3
3	Дене шынықтыру педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттары	24	9
4	Дене шынықтыруды оқытудың заманауи технологиялары. Дене шынықтыру сабақтарында денсаулық сақтау технологиялары	32	14
5	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар және денсаулық мүмкіндіктері шектеулі білім алушыларды оқытудағы заманауи технологиялар	7	2
6	Дене шынықтыру ІТ құзыреттілігі. Педагогтердің ІТ құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту	4	есептелінді
7	Вариативті	3	есептелінді
	Барлығы	80	30